

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

26-09-2022 № 9374/к

Шымкент қаласының денсаулық сақтау саласының медициналық ақпараттық Call-орталығының қызметін ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 2-бөлімі 12-тарауының 77-бабы 1-тармағының 14) тармақшасы, 115-бабы 2-тармағының 5), 7), 9) тармақшалары, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» «Жедел медициналық көмек көрсету, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып, оның қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығының 45-тармағы негізінде, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығын орындау үшін 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 «Медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы», медициналық қызмет көрсетуге қатысты азаматтардың мәселелеріне жедел ден қою және шешу мақсатында, жүгінген азаматтарға медициналық көмектің қолжетімділігін, уақтылығы мен сапасына қанағаттануын қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау саласындағы құқықтар мен міндеттер туралы кеңес беру **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жедел бөлімінің меңгерушісі Р.О.Есеналиеваға:
 - 1) 2022 жылғы 3 қазаннан бастап тәулік бойы қызмет атқаратын қалалық медициналық ақпараттық Call-орталығы ұйымдастырылсын;
 - 2) азаматтарға денсаулық сақтау саласындағы барлық қажет ететін сұрақтар бойынша 41-75-03 сымтетік арқылы кеңес беруін ұйымдастырсын;
 - 3) Call-орталығының қызметкерлерін сапалы және қолжетімді ақпаратпен қамтамасыз ету (жиі қойылатын сұрақтар бойынша жауаптарды әзірлеу және бекіту);
 - 4) азаматтарға Call-орталығының қызметі туралы кеңінен ақпараттық түсіндіру жұмысын жүргізу бойынша тиісті іс-шаралар атқарылсын;
 - 5) Call-орталығы азаматтарға сапалы медициналық қызмет көрсету жөніндегі әдістемелік ұсыныстармен нұсқаулықтарды қамтамасыз етсін;
 - 6) Call-орталықтың қызметкерлерінің кәсіби түрде қызмет көрсетуін қамтамасыз етсін;

7) Call-орталығының жұмысы туралы ереже осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін

8) Call-орталығына азаматтардан түскен арыз-шағымдар бойынша әр айдың 5 жұлдызына дейін денсаулық сақтау басқармасының емдеу-профилактикалық қызметті және мемлекеттік қызметті үйлестіру бөліміне есеп беруді қамтамасыз етсін.

2. Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясының оперативті бөлімінің меңгерушісі Р.О. Есеналиеваға, сарапшы дәрігерлер К.Т. Ашеноваға, А.К. Жайлибаеваға, М. Б. Хусановаға, Б. А. Омароваға құрамындағы жұмыс тобын ақпараттың жаңаруына қарай одан әрі түзете отырып, халық жүгінген кезде жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу үшін ұйымдастырылсын.

3. Ауысымның аға дәрігерлері ауысымға халықтың өтініштерін қабылдау жөніндегі Call-орталығының жұмысын бақылауға жауапты болып тағайындалсын.

4. Ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Р.М. Сейтхановаға Call-орталыққа түскен медициналық қызметке қатысты арыз - шағымдары бойынша есепті әр айдың 2-ші жұлдызына ұсынуды қамтамасыз етсін.

6. Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасарлары (А.Бекбауова, С.Дүйсенбаева – келісім бойынша):

1) денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасарлары медициналық ақпараттық Call-орталығының жұмысын үйлестірсін;

2) Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының емдеу-профилактикалық қызметті және мемлекеттік қызметті үйлестіру, ана мен бала денсаулығын қорғау, медициналық ұйымдардың қызметін үйлестіру, денсаулық сақтау саласына инвестиция тарту, құрылыс және медициналық ұйымдарды материалдық техникалық базасын жарақтандыру, медициналық ұйымдарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімдерінің басшылары (келісім бойынша) Call-орталығына кеңестік көмек көрсетуді қамтамасыз етсін.

7. Медициналық ұйымның бірінші басшыларына (келісім бойынша):

1) Call-орталығынан азаматтардан келіп түскен шағымдарға талдау жүргізіп, толыққанды және сапалы жауап беруді қамтамасыз етсін;

2) Call-орталығы арқылы азаматтарды тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде, дәрі дәрмекпен қамтамасыз етуді, медициналық көмек көрсетудің тәртібі және сапасы бойынша консультативтік ақпаратты мерзімінде ұсынуды қамтамасыз етсін;

3) медициналық ақпараттық Call-орталығының қызметі жөнінде мәліметті денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметінің келісімімен әлеуметтік желілерге жариялау қамтамасыз етілсін.

8. Бұйрықтың бақылауға алынуы бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Г. Г. Рафиковаға жүктелсін.

Бас дәрігері



Г.Курманбекова